

Қызылорда облысының ауылдық жерлеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 216 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 07 мамырдағы N 4248 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі N 123 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 10.07.2013 N 123 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысының ауылдық жерлеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің қағидасы бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының ауылдық жерлеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Қағидасын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 143 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4223 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2009 жылғы 25 сәуірдегі 78-79 сандарында жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының
XXVI сессиясының төрағасы Ә. Айымбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының
хатшысы Н. Құдайбергенов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2010 жылғы 31 наурыздағы
N 216 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысының ауылдық жерлеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің қағидасы

1. Қызылорда облысының ауылдық жерлеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Қағидасы (одан әрі - Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің, "Ауылдық жерлерге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау" 253.023 бюджеттік бағдарламасы негізінде жасалынған.

1. Негізгі ұғымдар

2. Осы қағида да мынадай ұғымдар қолданылады:

1) әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган (одан әрі - уәкілетті орган) - "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік м е к е м е с і ;

2) жұмыс беруші – медицина немесе фармацевтика қызметкерімен еңбек шартын жасаған облыстық бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұ й ы м ы ;

3) қаржы ұйымы – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар және олармен банкі салымы мен займының элементтері бар келісім-шарттар жасалынатын банк немесе ұйым;

4) медицина қызметкері - кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

4-1) фармацевтика қызметкері - фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

4-2) медицина және фармацевтика қызметкері осы Қағидада қызметкер деп а т а л а д ы ;

5) уәкілетті органның комиссиясы (одан әрі - комиссия) - "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде құрылатын әлеуметтік қолдау алуға кандидаттарды іріктеуге және ауылдық жерге жұмысқа жіберілген қызметкердің өзінің міндеттемесін орындау мониторингін жүргізуге арналған комиссия.

2. Жалпы ережелер

3. Ауылдық жерге уәкілетті орган жұмысқа жіберген және жұмыс берушімен еңбек шартын жасаған күннен бастап алғашқы үш жыл ішінде еңбек міндеттерін орындап жүрген қызметкер әлеуметтік көмек алу құқығына ие болады.

4. Әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджет қаржысы есебінен іске асырылады және ол тұрғын үй сатып алуға, салуға займ алу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй займын алу үшін алғашқы жарна болып табылады.

5. Уәкілетті орган денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету мақсатында :

1) ауылдық жерлер үшін жекелеген мамандықтар бойынша медицина кадрларына сұранысқа жыл сайын талдау жасайды;

2) ауылдық жерлер үшін қажетті қызметкерлердің тізімін жасайды және б е к і т е д і ;

3) әлеуметтік қолдау алуға кандидаттарды іріктеу үшін және ауылдық жерге жұмысқа жіберілген қызметкердің өзінің міндеттемесін орындау мониторингін жүргізу үшін құрамына жұмыс берушінің өкілі енгізілген комиссия құрады;

4) ауылдық жерде бір жұмыс орнына екі немесе одан да көп кандидат үміттенген жағдайда конкурс ұйымдастырады;

5) әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

3. Әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен көлемі

6. Әлеуметтік қолдау көрсету қажетті келісімнің белгіленген шарттарына сәйкес қаржы ұйымында ашылған қызметкердің салымдарына (депозиттеріне) үш жыл ішінде кезең-кезеңімен немесе біржола ақша аудару жолымен жүргізіледі .

7. Ауылдық жерлерге жұмысқа жіберілген қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсетудің жалпы көлемі 1 (бір) миллион теңгені құрайды.

8. Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, уәкілетті орган қаржы ұйымын жазбаша хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкердің есеп шотына бұрын аударылған бюджет қаржысын облыстық бюджетке қайтару шараларын қ о л д а н а д ы .

9. Қызметкердің тарапынан міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган, қызметкер және қаржы ұйымы арасында жасалған шартта аударылған бюджет қаржысын облыстық бюджетке қайтару тетігі қ а р а с т ы р ы л а д ы .

10. Еңбек шарты тоқтатылғанда, қызметкердің еңбек ақысы сақталмайтын демалыста болғанда, бала тууына байланысты демалыста болғанда, жаңа туылған

бала асырап алғанда, екі айдан аса еңбекке жарамсыз болғанда, қызметкер жұмыстан шығарылғанда және т.б. жағдайларда жұмыс беруші уәкілетті органға 10 күн ішінде хабарлайды.

11. Қызметкердің әлеуметтік қолдауды алуы еңбек шартында белгіленген үш жыл өткеннен кейін іске асырылады.

12. Әлеуметтік қолдау уәкілетті орган, қызметкер мен қаржы ұйымы арасындағы келісім-шарттың талаптарына сәйкес уәкілетті органның жазбаша түрдегі нұсқауынан кейін қаржы ұйымдары арқылы беріледі.

13. Осы қағиданың орындалуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.